

Қазақстан Республикасының "Ғарыш қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғарыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 49-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының «Ғарыш қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғарыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 2

н а у р ы з д а ғ ы

№

4 9 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының «Ғарыш қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғарыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік органдар	Орындалу мерзімдері
1	2	3	4	5
	Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш объектілерін ұшыру, сондай-ақ оны одан тыс жерлерде ғарыш қызметіне		ҰҒА (жинақ), ТЖМ, Қорғанысмині,	

1.	қазақстандық қатысушылар жүзеге асыратын жағдайда ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қоршағанортaмині, ДСМ	2012 жылғы наурыз
2.	Ғарышкерлікке кандидаттарды іріктеу және ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер мәртебесін беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), ДСМ	2012 жылғы наурыз
3.	Ғарышкерлікке кандидатқа, ғарышкерге қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының, мертігуінің, ауруының салдарынан болған мүгедектік белгіленген кезде, сондай-ақ ол қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, біржолғы өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА	2012 жылғы наурыз
4.	Жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттары транспондерлерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), ККМ, Қорғанысмині	2012 жылғы наурыз
5.	Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесі ұлттық операторының ғарыш түсірілімдерін жоспарлау, Жерді қашықтықтан зондтау деректерін алу, өңдеу және тарату қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), Қорғанысмині, А Ш М , Қоршағанортaмині, ТЖМ, ЖРА	2012 жылғы наурыз
6.	Дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесі ұлттық операторының спутниктік навигациялық қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), Қорғанысмині, ККМ, ТЖМ, ЖРА	2012 жылғы наурыз
7.	Ғарыш жүйелерінің ұлттық операторларын, сондай-ақ олардың міндеттері мен функцияларын белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА	2012 жылғы наурыз
8.	Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ ғарыш кеңістігінде ғарыш жүйелерін құру және пайдалану (қолдану) қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), Қорғанысмині, ККМ, БҒМ, ТЖМ	2012 жылғы наурыз
9.	Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш зымыран кешендерін құру және пайдалану (қолдану) қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), ТЖМ, БҒМ	2012 жылғы наурыз
10.	Пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), Қоршағанортaмині, Т Ж М , Қорғанысмині	2012 жылғы наурыз
11.	Ғарыш қызметі саласындағы жобаларға салалық сараптаманы жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), Қорғанысмині	2012 жылғы наурыз
12.	Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын және ғарыш объектілері тіркелімінің нысанын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), Қорғанысмині	2012 жылғы наурыз
	Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуін, медициналық және санаториялық-курорттық			

13.	емделуін қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), ДСМ	2012 жылғы наурыз
14.	«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді беру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1420 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА (жинақ), ҚТКШИА	2012 жылғы наурыз
15.	«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 мамырдағы № 438 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҒА	2012 жылғы наурыз
16.	Қазақстан Республикасының ғарышкерлер жасағы туралы ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің бұйрығы	ҰҒА	2012 жылғы наурыз
17.	Ғарыш қызметі саласындағы аяқталған жобалар бойынша нәтижелерді қабылдау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің бұйрығы	ҰҒА	2012 жылғы наурыз
18.	Ғарыш кеңістігіне ұшырылатын Қазақстан Республикасының ғарыш объектілерін таңбалау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің бұйрығы	ҰҒА	2012 жылғы наурыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Корғанысмині – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
Қоршағанортамині – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ТЖМ – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
ҰҒА – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі
ЖРА – Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
ҚТКШИА – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі